

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 11 шілдедегі N 686 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 4 тамыздағы N 738 Қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 28 қарашадағы N 1103 Қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 28 қарашадағы N 1103 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы Бас хатшысының орынбасарын қаржылай қамтамасыз ету туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 11 шілдедегі N 686 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

мемлекеттік тілдегі мәтінде 1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мәскеу қаласындағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы Бас хатшысының орынбасарына 2006 жылғы 1 қаңтардан бастап тұрғын үй-жайды жалдағаны үшін айына 1300 (бір мың үш жүз) АҚШ доллары мөлшеріндегі сома б е к і т і л с і н . " ;

2-тармақтағы "036 "Елдің қорғаныс саласындағы саяси мүдделерін қамтамасыз ету" бағдарламасы бойынша" деген сөздер "002 "Қарулы Күштер қызметінің негізгі түрлерін қамтамасыз ету" бағдарламасының 106 "Сыртқы саясат мүдделерін қамтамасыз ету" кіші бағдарламасы бойынша" деген с ө з д е р м е н а у ы с т ы р ы л с ы н .

2. Осы қаулы 2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі